**Конкурсты тоқтату**

Конкурсты тоқтату функционалы конкурс ашылған сәттен бастап, шарт жасалғанға дейінгі кезеңде қолжетімді.
Конкурсты тоқтату үшін Конкурс ұйымдастырушысына (хатшыға) конкурс қарау бетінде **«Қол жетімді әрекеттер»** бөлімінде **«Конкурстан бас тарту»** әрекетін таңдау қажет.




Конкурсты тоқтату бүкіл конкурс бойынша немесе бірнеше лот қарастырылған жағдайда жекелеген лоттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Аталған әрекет орындалғаннан кейін, жүйе ескерту хабарламасын көрсетеді.




«Жоқ» батырмасын басқан кезде, жүйе конкурс қарау бетіне қайтарады.
Тоқтату рәсімін орындау үшін «Иә» батырмасын басу қажет, содан кейін жүйе лоттарды таңдау формасын көрсетеді.

Лоттарды таңдау – лот жолындағы құсбелгіні қою арқылы жүзеге асырылады, одан кейін «Таңдалған лоттар бойынша конкурсты тоқтату» батырмасын басу қажет.




Тоқтату формасы ашылады, онда тоқтатуға негіз болатын сканерленген электрондық құжатты тіркеп, тоқтату негіздемесіне қатысты ақпаратты толтыру қажет.




Конкурсты тоқтату формасында келесі өрістер қамтылады:

| **Өріс атауы** | **Өріс мәні** |
|---|---|
| Шешім нөмірі | Өріс мәтіндік және қолмен толтыруға қолжетімді. Бұл өріске актінің нөмірін енгізу қажет. |
| Шешім күні | Бұл өріске тиісті актінің қабылданған күні енгізіледі, |

| | |
|---|---|
| | «Күнтізбе» пиктограммасы арқылы толтырылады. |
| Акт | Акт түрлерінің анықтамалығынан келесі мәндердің бірін таңдау қажет:<br>● Шешім<br>● Анықтама<br>● Ұсыныс<br>● Хабарлама<br>● Қаулы<br>● Бұйрық<br>● Өкім |
| Орган | Бұл өрісте келесі мәндері бар органдар анықтамалығынан бір орган таңдалуы тиіс:<br>● Сот органы<br>● Прокуратура органы<br>● Мемлекеттік қаржылық бақылау органы<br>● Мемлекеттік әріптес<br>● Байқауды ұйымдастырушының бастамасы |
| Орган атауы | Өріс мәтіндік және қолмен толтыруға қолжетімді. Бұл жерде органның толық атауын көрсету қажет. |
| Файлды таңдаңыз | Тоқтатуға негіз болатын құжатты тіркеуге арналған батырма. |

**Назар аударыңыз!** Барлық өрістерді толтырып, файлды тіркегеннен кейін **«Байқауды жоюды іске асыру»** батырмасын басу қажет. Жүйе байқауды/лоттарды жою туралы шешімді автоматты түрде қабылдайды.
Байқауды жою бойынша әрекет **«Байқауды жою»** қойындысында көрсетіледі.




**Баршаға ескерту:** Байқаудағы барлық лоттар жойылған жағдайда, байқаудың кез келген кезеңінде жеке әріптесті айқындау бойынша байқау қорытындысы туралы хаттама жою себебі көрсетіліп автоматты түрде қалыптастырылады. Жүйе бұрын қол қойылған қорытынды хаттаманы жою туралы ақпаратпен өзекті хаттамаға автоматты түрде қайта қалыптастырады.

**Ескертпе.** Конкурсты тоқтату тек келесі мәртебелерде ғана қолжетімді:

- Жарияланды (өтінімдерді қабылдау);
- Өтінімдерді қарау;
- Өтінімдерге енгізілген толықтыруларды қарау;
- Рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру;
- МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру;
- Қорытынды хаттаманы қалыптастыру;
- Аяқталды;
- Уәкілетті органда шарт жобасын келісу;
- Жарияланды (өтінімдерді қабылдау) / Біліктілік іріктеу;
- Өтінімдерді/құжаттарды толықтыру;
- Біліктілік іріктеу.

Егер конкурс кез келген басқа мәртебеде болса, Жүйе арқылы конкурсты тоқтату қарастырылмаған. Конкурсты тоқтату туралы сұрауды қарау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің веб-порталының уәкілетті органына жүгіну қажет.